

## **Қабылдау комиссиясына ұсынылатын құжаттардың тізімі**

### **Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін:**

1. өтініш;
2. жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);
3. 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
4. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5. ҰБТ сертификаты (бар болса);
6. «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесін (бар болса) тапсырады.

### **Білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін:**

1. белгіленген үлгідегі бланкіде өтініш;
2. білімі туралы құжат (төлнұсқа);
3. ҰБТ сертификатын;
4. "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде №21579 болып тіркелген) бекітілген 075/У нысаны бойынша Медициналық анықтаманы.
5. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

### **Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін:**

1. еңбек кітапшасын;
2. жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді(қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
3. қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы;
4. аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелері және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру

қорынан мәліметтер;

5. мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шартын;
6. еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;
7. жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді.

### **Оқуға қабылдау үшін (бакалавриат)**

1. өтініш
2. жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатын (төлнұсқа);
3. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады
4. 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 6 фотосуретін;
5. № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген 075/У нысанындағы Медициналық анықтаманы, 063 -нысан егу паспортын, флюорография суретін;
6. ҰБТ сертификатын;
7. ведомостан үзіндіні (арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілер үшін);
8. білім беру грантын тағайындау туралы куәлікті (бар болса) қоса береді.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары артықшылықты құқық және квота беруді растайтын құжаттарды қосымша ұсынады.

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар**, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін:

1. еңбек кітапшасының көшірмесін (төлнұсқа салыстыру үшін көрсетіледі);
2. жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
3. қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік

анықтаманы;

4. аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмелері және әлеуметтік төлемдер жүргізілгені туралы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан мәліметтер;

5. мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шартын;

6. еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;

7. жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді.